# Мұнайлы өлке

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

№04 (114), сәуір - мамыр, 2019 жыл


# БІЗ - СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ СОЛДАТЫ!



# ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

*В центре событий*

# ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОСТИ – ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ!

**В ходе рабочей поездки в Мангистаускую область председатель Правления АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына» Ахметжан Есимов встретился с руководителями нефтегазодобывающих компаний региона. Во встрече, которая состоялась 16 апреля в офисе АО «Мангистаумунайгаз», также приняли участие аким Мангистауской области Ералы Тугжанов и председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Алик Айдарбаев.**




Руководители нефтегазодобывающих компаний (АО «Мангистаумунайгаз», АО «Озенмунайгаз», АО «Каражанбасмунай», «КазНИПИмунайгаз») проинформировали участников встречи о производственной и социально-экономической деятельности предприятий.

Первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Калбай Измуханов доложил об итогах работы за отчетный период и планах на 2019 год:

- Как показывает динамика, годовая добыча выросла с уровня 5 712 тыс. тонн в 2009 году до уровня 6 375 тыс. тонн в 2018 году (выросла на 663 тыс. тонн). При плане 2018 года 6 350 тыс. тонн, перевыполнение плана составило более 24 тыс. тонн. Ожидаемая добыча на 2019 год составляет 6 380 тыс. тонн. За 1 квартал фактически было добыто 1 565,696 тыс. тонн нефти, при плане 1 565,653 тыс. тонн, перевыполнение составляет 43,0 тонн. Фактический МРП по АО «Мангистаумунайгаз» за 1 квартал составил 341 сутки при плане на 2019 год 339 суток, ожидаемый МРП на конец 2019 года составляет 350 суток.

Также Калбай Измуханов, рассказал об экономических показателях, социальной политике предприятия и о мерах, предпринимаемых для ликвидации последствий аварии на месторождении Каламкас.

Подводя итоги встречи, Ахметжан Есимов поздравил вновь назначенных руководителей предприятий, а также акцентировал внимание присутствующих на вопросах охраны труда и охраны окружающей среды.

- То, что произошло на Каламкасе не должно повториться, необходимо тщательно проанализировать и избежать подобных аварий в будущем. В целом руководителям компаний необходимо придерживаться производственных планов, а также уделять внимание вопросам социальной стабильности.

*Назначения*

# НОВЫЕ ЛИЦА - НОВЫЕ ЗАДАЧИ

**10 апреля Председатель Совета директоров АО «Мангистаумунайгаз», заместитель Председателя Правления АО «НК «КазМунайГаз» по производству Жакып Марабаев представил трудовому коллективу «Мангистаумунайгаз» нового руководителя - Калбая Измуханова. Бакыт Иманбаев, занимавший ранее пост первого заместителя Генерального директора, возглавил «НИИ ТДБ КМГ» «КазНИПИмунайгаз».**



- В первую очередь я хочу поблагодарить Бакыт Алтаевича за проделанную работу, - сказал, открывая встречу Жакып Марабаев. – В своей работе вы продемонстрировали профессионализм, под вашим руководством на протяжении многих лет росла добыча нефти, были внедрены новые технологии.

- Также хочу представить трудовому коллективу нового первого заместителя Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» Калбая Ажимбаевича Измуханова, - продолжил Жакып Марабаев. – Калбай Ажимбаевич давно работает в производственной сфере и занимал руководящие посты в крупных компаниях, где зарекомендовал себя как грамотный специалист, опытный производственник и профессиональный руководитель.

Заместитель акима Мангистауской области Руслан Сакеев, от имени главы региона выразил большую благодарность Бакыту Иманбаеву за проделанную работу, отметив его достойный вклад не только в развитие компании, но и в развитие всего региона.

В свою очередь Калбай Измуханов поблагодарил руководство АО «НК «КазМунайГаз» за оказанное высокое доверие и выразил уверенность, что АО «Мангистаумунайгаз» и в дальнейшем будет стабильно работать и процветать.

Бакыт Иманбаев выразил признательность коллегам за теплые слова напутствия, а также поблагодарил трудовой коллектив Общества.

Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Лю Цзиньчэн от имени акционеров «CNPC» также тепло поблагодарил Бакыта Иманбаева за работу, и поприветствовал Калбая Измуханова, выразив уверенность, что совместная работа будет эффективной и успешной.

* * *



Калбай Измуханов родился 1 марта 1964 года.

Окончил Казахский политехнический институт по специальности «Технология и комплексная механизация разработки нефтяных и газовых месторождений».

Трудовую деятельность начал в 1986 году с должности оператора по подземному ремонту скважин НГДУ «Жетыбайнефть».

В разные годы работал мастером, инженером-технологом, начальником цеха добычи нефти и газа, главным инженером – заместителем начальника производственного управления «Жетыбаймунайгаз».

Работал на руководящих должностях в ТОО «Каракудукмунай», управляющим директором АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз».

С 2013 по 2016 годы – Вице-Президент по производству АО «Каражанбасмунай».

С июля 2016 года возглавлял ТОО «Управление технологического транспорта и обслуживание скважин».

Решением Совета директоров АО «Мангистаумунайгаз» с 10 апреля 2019 года Калбай Измуханов назначен первым заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз».

**С 10 апреля 2019 года заместителем Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз» по юридическим и кадровым вопросам назначен Сарсенов Ерболат Темирбекович**



Ерболат Сарсенов родился 22 августа 1981 года.

В 2002 году окончил Казахский экономический университет им. Т.Рыскулова, по специальности «Экономические отношения».

В 2005 году окончил Казахский национальный технический университет им. К.Сатпаева по специальности «Разработка нефтяных и газовых месторождений».

Трудовую деятельность начал в 2002 году в качестве оператора ООУ 3-го разряда цеха установки предварительного сброса воды №1 Управления по подготовке нефти и производственного обслуживания АО «Озенмунайгаз». В разные годы работал экономистом по нормированию и оплате труда НГДУ-1, руководителем экономической службы НГДУ-1, руководителем экономической службы УБР АО «Озенмунайгаз»;

С 04.12.2012 по 30.04.2013 годы работал в АО «РД «КазМунайГаз» старшим экономистом сектора мотивации, нормирования и оплаты труда департамента по управлению и развитию персонала;

С 2013 по 2015 год - заместитель директора по управлению персоналом и общим вопросам ТОО «Управления технологического транспорта и обслуживания скважин»;

С 07.10.2015 по 19.06.2016 год продолжил трудовую деятельность в АО «Озенмунайгаз» директором департамента по управлению и развитию персонала;

С 20.06.2016 по 09.04.2019 года занимал должность управляющего директора по управлению и развитию персонала АО «Озенмунайгаз».

*1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні*

# БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚ ШЕРУІ

Ақтау қаласында 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай қала тұрғындары мен қонақтары Каспий теңізі жағалауына жиналып, мерекелік көңіл-күймен бірлік күнін тойлады.

Мерекелік шара еңбек ұжымдарының шеруімен басталды. Биыл шеру теңіз жағалауын бойлай амфитеатрға дейін жетті.

Өнеркәсіп ұжымдарының көшін «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік күйі мерекенің ажарын ашты. Қаламқас, Жетібай кенорнының мұнайшылары, орталық басқару аппаратының қызметкерлерінің ынтымағы мен бірлігіне көз де көңіл де қуанғандай. Шеру қозғалып, мінбемен қатарласқан сәтте жүргізушілердің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік ұжымы келеді» деген саңқылдаған даусы шерушілерді қанаттандырып, туған компаниямыз үшін мақтаныш сезімін оятты:












қоғамы мұнайшылары бастады. Компания бас директорының бірінші орынбасары Қалбай Ізмұқанов бастаған мұнайшы-ардагерлер Геннадий Жапарович Хайретдинов, Баязи Қарамұрзиев, Сұлухия Орынбаева, Қамажай Жұмабаева, Сүймен Таңатаровтың шерудің алдыңғы қатарында жүріп өтуі жарты ғасыр бойы жалғасқан ұрпақтар сабақтастығының көрінісі десе болады. Жер-көкті шуақ пен қызылды-жасылды жалау-шарлар, аспанға әуелеген шаттық әуен, адамдардың емен-жарқын көңіл-

«Бүгінде Компания еліміздегі ірі мұнай-газ холдингтары қатарында лайықты орында тұр. Бұл жетістік «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбекшіл ұжымның жоғары кәсібилігі мен жанкешті еңбегінің, біліктілігі мен басқарушылық команданың іскерлігінің арқасы. Компания бюджетпен және инвестициялық бағдарламамен белгіленген басты өндірістік жоспарды орындады. 2018 жылғы жоспардағы 6 млн.350 мың тонна мұнайдың «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 6 млн. 374 мың тоннасын артығымен орындады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы кәсіпорын ардагерлері салып кеткен сара жолды лайықты жалғастырып келеді. Компания өндірістік-шаруашылық қызмет саласында, әлеуметтік-кадрлық саясатта озық тәжірибелерді пайдалануда. Сондай-ақ өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласында жоғарғы стандарттарды ұстанады», - деген лайықты баға барлығымызды ерекше жігерлендірді.

Шара аясында Маңғыстау облысы әкімі Ералы Тоқжанов Ақтау қаласы тұрғындарын, қала қонақтарын Бірлік Күнімен құттықтады.

... Мамырдың алғашқы күнінде ақжал Каспийді жағалай шерулеткен 33 ұжым, бес мыңнан астам адамның қатарында біздер де, жасампаз маңғыстаумұнайлықтар, елдігіміз бен егемендігіміздің діңгегі, татулығымыз бен достығымыздың ұйытқысы, Отанымыздың тірегі болып отырған бірлік пен ынтымақтың алмайтын қамалы, шықпайтын шыңы, аспайтын асуы жоқ екендігіне куә болып тарастық.






*Қартқа құрмет – жасқа міндет!*

# ЕРЛІГІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ



Сәуір айының шуақ шашқан мамыражай күні жас мамандар кеңесінің жылдық жоспарында бекітілген кестеге сәйкес өлкенің өнегелі азаматы, даңқты мұнайшы Қайып ата Азанбаевтың шаңырағында болып, көрісіп қайтты.

Қайып ата бар саналы ғұмырын түбектің тұрмысын түлетуге арнаған болмысы бекзат азамат. Маңғыстау мұнай-газ саласында атаның қолтаңбасы айқын. 1961 жылы 5 шілдеде Жетібай кентінде №6 ұңғыда Н.М.Петровтың бригадасында бастан-аяқ бұрғылау жұмысын атқарып, Маңғыстаудың мұнайын тұңғыш ашуға қатысқан, тұңғыш фонтанның басы-қасында болған атақты жан.

Маңғыстаудың алғашқы мұнай бұрқағына куә болған ардагер мұнайшы атаның сол күндер туралы естелігі бір кездері былай деп хатқа түскен екен:

- ...Маңғыстаугаз барлау тресі 1957-1960 жылдар аралығында геологияның барлау жұмыстары күрделеніп, 1960 жылы Жетібай терең бұрғылау барлау басқармасы болып өзгертілді. Терең бұрғылау барлау басқармасының бастығы Хасан Тәжиев, инженер Қуан Қазиев, геологы Тевяшов Вадим болып іске кірісті.

№6 ұңғы Н.Петров бригадасына жергілікті бұрғышылардан жасақталды. Бригада құрамында: Б.Бажиков, С.Шонтыбаев, К.Берікбосинов, К.Куанышбеков, О.Кабжанов, С.Смагулов, К. Азанбаев, Н.Қанатбаев, С.Бисенов, Н.Шуковский, Т.Өмірбаев, Ш.Саханов, К.Өтегенов, И.Сүйіндіков, И.Байжанов, Аяғанов, Бопыловтар болды. Осы ұңғы 2300 метр тереңдікке жеткенде болжамды тереңдіктен НКТ жіберіп жатқанда 1960 жылдың 5-шілдесінде қараңғы түнде мұнай фонтаны атып кетті.

Мұнайды тұңғыш көруіміз. Бәріміз таңғалып тұрмыз. Фонтан 41 метрлік мұнарадан асып, 5-6 шақырым жерден қара тұман құсап жоғарыдан көрініп тұрған екен...»

Ол кез Қайып атаның 21-ге енді шыққан кезі еді. Оқуды жаңа бітіріп, қызметке жуырда ғана араласа бастаған жас жігіт сол кезде Маңғыстау мұнайының одан арғы шежіресі оның өмірінің өлшеміне айналады деп ойлмаған да шығар. Десек те, Қайып Азанбаев өмірлік бағытын осы саладан тауып, өндірістің өзегіне кірпіш болып қаланды. 1995 жылға дейін мұнайдың қара қазанында бірге қайнап, геологиялық барлау саласында: Түбіжік, Жаңбыршы, Бозашы, Қызан, Қоңырорпа, Қошақ кен орындарын, Қарасаз-Таспас, Жетібай, Қарамандыбас, Асар, Ақтас, Тасболат, Қаламқас, Қаражанбас, Қарақұдық сынды тағы басқа ондаған алаңдарды бұрғылап, мұнай мен газ кендерінің көздерін ашып, барлау жұмыстарын жүргізді. Ел қазынасын еселеп, халықтың ықыласына бөленді. Осы ерен ерлігі үшін Қайып ата «ҚСРО жер қойнауын барлау үздігі», «Қазақстан Республикасы жер қойнауының құрметті барлаушысы», «Еңбек ардагері» атақтарымен, Қазақ ҚСРО Жоғарғы Кеңесінің құрмет грамотасымен, «Қазақстан мұнайына 100 жыл», «Геология, мұнай-газ барлау саласындағы еңбегі үшін» естелік белгілерімен марапатталған.

Міне, осындай жақсы адам бүгін жанымызда. Тек, бір өкініштісі – Қайып атаның денсаулығы сыр беріп, соңғы жылдары ерекше күтімді қажет етуде. Сол себепті Ақтау қаласындағы пәтерінен Сайын елді-мекеніне көшіп барыпты. Қаланың тынымсыз тірлігінен, ауылдың жайы мен таза ауасы атамызға пайдалырақ болады деген ұл-қызының қамқорлығы... Жаратқаннан шипасын сұраймыз! Өз кезегімізде, атамыздың бір керегіне жарар деген ниетпен «Қартқа құрмет – жасқа міндет» шарасы аясында Кеңес бюджетінен бөлінген 30 000 теңгені және «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қорынан 70 000 теңгені, жалпы 100 000 теңге көлеміндегі қаражатты әжеміздің қолына табыстадық.



Айтпақшы, біз барған сапар атаның туған күніне таяу түсті. Жастардың ниет-тілегінен болар... Амал мерекесімен құттықтап, көрісеміз де қайтамыз деп барып, мерекелік дастарханға дөп түстік, ән-күй арнап, атаны сексен жасымен де құттықтап қайттық. Шаңырақ – берекелі. Жанында өмірлік серігі Тыныш әже, қыздары мен ұлдары, жанына жалау болған немересі – Мерей. Есіктен кіріп жатқанымызда алдымыздан құлыншақтай құлдырап жүгіре шығып «урәә, үйге қонақ келді» жүрегі жарыла қуанған кішкентай Мерей шаңырақтың ажары мен базары екен. Ақ халатты абзал жан Тыныш апамыз ағамызбен өткен жылдарын, достары марқұм Көшербай Әлібаевты еске алып, жастықта қосылып салған «Ақбақайды», «Қараторғайды» шырқағанда көңіліміздің жайлауына көктем қонғандай болды.

Ақсақалдың шаңырағынан шығып бара жатып Мұқаңның:

Неменеге жетістің, бала батыр?

Қариялар азайып бара жатыр.

Бірі мініп келместің кемесіне,

Бірі күтіп, әнеки, жағада тұр.

– деген төрт жолы тіліме оралды. Ширкін, таулардың биіктігін қасында жүргенімізде бағалай алсақ қой?! Тұтас елдің, бүгінгі ұрпақтың несібесін еселеген, ырысын тасытуға бүкіл ғұмырларын арнаған Қайып Ағалар аман болғай!

*Спорт*

# БЫСТРЕЕ, ВЫШЕ, СИЛЬНЕЕ!

**В АО «Мангистаумунайгаз» в честь весенних праздников состоялись традиционные спортивные соревнования среди производственных управлений и департаментов Общества.**



Соревнования открывал турнир по мини-футболу, в котором приняли участие нефтяники из Каламкаса, Жетыбая, ДБПиЭА, представители Профкома Общества, а также команда «Ветеран» (сборная команда ветеранов «Мангистаумунайгаз»).

По итогам турнира первое место завоевала команда ПУ «Жетыбаймунайгаз», одержавшая три победы в четырех матчах, на втором месте команда ДБПиЭА, замкнула призовую тройку сборная Профкома Общества.

В соревнованиях по настольному теннису первенствовал Бекес Кулмурынов (ДКС), вторым стал Асан Панакулов (ПУ «Жетыбаймунайгаз»), «бронза» досталась Султану Тилегенову из ДАСВ.

В турнире по плаванию победу одержал Нурлан Илмуханбетов (ДАСВ), опередивший Айболата Акшина (СВА) и Ису Демегенова (ДБПиЭА) соответственно.

В состязаниях по боулингу принимали участие представительницы прекрасной половины человечества из ДАИТиС, ДКС, ТД и ДАСВ. В итоге победу, набрав 334 очка, одержала команда ДАИТиС.

Не менее жаркие баталии развернулись непосредственно на спортивных площадках производственных управлений «Каламкасмунайгаз» и «Жетыбаймунайгаз».



В Жетыбае на турнире по казахша курес лучшим борцом стал Марат Сактаганов (п. Мунайшы), на соревнованиях по поднятию гири победу праздновал Асылбек Демесинов (п. Жетыбай), а Мейрамбек Кулекешов (ТОО «ОТК») занял первое место на состязаниях по армрестлингу.

В соревнованиях по перетягиванию каната на высшую ступень пьедестала поднялась команда поселка Мунайшы, вторыми стали спортсмены ТОО «МЭМ», нефтяники ПУ «Жетыбаймунайгаз» замкнули призовую тройку.

На Каламкасе, среди борцов казахша курес не было равных Сапару Нурмухамбетову (ТОО «OSC») в армрестлинге победу вновь праздновал Мейрамбек Кулекешов (ТОО «ОТК»), а на состязаниях по поднятию гири первое место завоевал Руслан Бекбосынов (ТОО «OSC»).

И, наконец, на соревнованиях по перетягиванию каната лучшей командой стала сборная ЦДНГ-3 (ПУ «Каламкасмунайгаз»), второе место у ТОО «OSC», третье – ЦДНГ-1 (ПУ «Каламкасмунайгаз»).

Все соревнования прошли на высоком уровне, участники спортивных баталий продемонстрировали серьезную подготовленность и боевой настрой, а зрители и болельщики получили заряд хорошего настроения и массу положительных эмоций.

# ҚОС МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ




**Сәуір айының 1-і мен 8-і аралығында ерлер мен әйелдер, жасөспірімдер мен қыздар және ардагерлер арасында жатып сығымдаудан және классикалық сығымдаудан жекелей санаттардағы республикалық Чемпионат Алматы қаласында өтті. Байрақты додадан маңғыстаулықтар құр қол қайтқан жоқ, алты қола, төрт күміс, бес алтынмен оралды.**

Пауэрлифтингтен бірнеше ірі жарыстарда ел туын көкке желбіретіп жүрген спорт шебері, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасы көлік департаментінің жүргізушісі, әріптесіміз Рахымжан Бекбосынов Қазақстан Республикасының Чемпионатында қос медальді еншіледі. Әріптесіміз чемпионаттың бір алтын, бір қола медалін қоржынға салды.

Халықаралық спорт шебері Асқар Шоқановтың тәлімгерлігімен жаттығып жүрген спортшымызға «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығы мен кәсіподақ қолдау білдірді. Компания мақтанышы енді Жапонияда өтетін әлем чемпионатында ел намысын қолдан бермей, болашақта да жеңіс тұғырынан көрінеді деген сенімдеміз.



*Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау*

# 20-шы МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МӘЖІЛІС

**Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» компаниялары тобының еңбекті және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚОҚ) қызметтері директорларының 20-шы мерейтойлық мәжілісі өтті.**



Шараға ҚМГ және оның еншілес ұйымдарының экологиялық нормалардың сақталуына және қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты 140-тан астам маман қатысты. Мәжіліс қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың ағымдағы жай-күйін бағалау, оларды әрі қарай жетілдіру, жалпы мәселелерді талқылау және оларды шешу үшін ұсыныстар әзірлеу мақсатында жыл сайын өткізіліп тұрады.

Қалыптасқан дәстүр бойынша кездесу қауіпсіздік минутынан басталды, оның барысында қатысушылар үшін төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөнінде нұсқама өткізілді.

ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинелли соңғы 4 жыл ішінде қауіпсіздік және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша 2018 жыл ең үздік болғанын атап айтты. 2017 жылмен салыстырғанда адам өлімі болған жағдайлар саны 80%-ға азайды, жарақат алу 32%-ға төмендеді, жарақат алудың (адам өмірі үшін маңызды) ірі оқиғалар саны 57%-ға, жол-көлік оқиғалары салдарынан жарақат алу 47%-ға, өрт саны өткен жылмен салыстырғанда 54%-ға азайды. Жалпы ҚМГ компаниялары тобында қауіпсіз күндер саны (компанияның қызметкерлеріне, активтеріне және қоршаған ортаға зиян келтірмеген күндер) 2014 жылдағы 96-дан 2018 жылы 207-ге дейін ұлғайды.




Жиында сөз сөйлеген «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі бас директоры Ш.Ілмұханбетова күн тәртібінің басты мәселелерін айқындады. Өндірістегі еңбекті қорғау, апат пен жарақаттардың алдын алу және қоршаған ортаға компаниялар қызметінің жағымсыз әсерін азайту мәселелерінде дербес жауапкершілікті арттырудың маңыздылығы мен қажеттілігіне кезекті рет баса назар аударылды.

Мәжіліс барысында 2019 жылға арналған мақсаттар да белгіленді. Еңбекті қорғау саласында жұмыс орнындағы қауіпсіздіктің алдын алу мәдениетін қалыптастыру және еңбек етудің қауіпсіз емес жағдайларын анықтау жөніндегі жұмыс жалғасын табады. Сондай-ақ қалдықтарды басқару және өртке қарсы қауіпсіздікті сақтау мәселелеріне де басымдық беріледі. Бұдан басқа осы жылы мердігерлік ұйымдарға және олардың ЕҚОҚ нормаларын сақтауға қатаң бақылау орнату жоспарланып отыр.

Форумда 2018 жылдың қорытындысы бойынша үздік қызмет көрсетіп, жоғары нәтижеге қол жеткізген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Олардың қатарында "Маңғыстаумұнайгаз" акционерлік қоғамының еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік қызметінің басшысы Бауыржан Ләтіп «Қазмұнайгаз» Ұлттық компаниясының құрмет грамотасына лайық деп танылды.

## СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

# «МҰНАЙТЕЛЕКОМДА» - ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



**«Мұнайтелеком» жауапкершілігі шектеулі Серіктестігінде жаңа цех ашылды. Цех технологиялық процестерді автоматты түрде басқаруға арналған «Автоматика» шкафтарын дайындау мақсатында құрылған.**

Амал мерекесіне орайластырылған ашылу салтанатына өндірістік қамтамасыз ету базасында киіз үйлер тігіліп, «Мұнайтелеком» компаниясы ұжымы, арнайы шақырылған байланысшы зейнеткерлер өндірістік маңызы бар оқиғаны мерекелік думанға айналдырды.

Салтанатты түрде өткен жиынды «Мұнайтелеком» ЖШС бас директоры Ербол Мұкашев ашып, жиналғандарды Амал мерекесімен құттықтады. Жаңа цехтың маңызына тоқталды.

Серіктестік ұжымына Маңғыстау облыстық индустриялық-иновациялық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Талғат Әбдіқадыров, «Қазмұнайгаз» ҰК» АҚ Мұнай сервистік активтерді басқару департаментінің директоры Жанболат Саймағамбетов, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының атынан Шамиль Диникаев құттықтау лебіздерін білдіріп, цехтың лента қию рәсімін орындады.

Бүгінгі таңда «Мұнайтелеком» ЖШС отандық өнім ретінде CT-KZ сертификатын иемденіп, «Самрұк-Қазына» холдингінде отандық өндіруші ретінде тіркелді.



# ТАЗАЛЫҚ - БАРШАҒА ОРТАҚ




Көктем келісімен Маңғыстау өңірінде тазалыққа көңіл бөлініп, ауыл-аймақ, елді мекендер мен облыс орталығында тынымсыз тіршілік басталып кетті. Сәуір айы «Oil Services Company» Серіктестігінің барлық қызметтік базаларында тазалық айлығы болып жарияланып, санитарлық тазалық, көркейту-көгалдандыру жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Айлық аясында Серіктестік басшылары бастаған орталық кеңсе қызметкерлері де сенбілікке бір ауыздан жұмыла кірісіп мекеме айналасына тал егіп, өсіп тұрған ағаштардың түбін әктеп, мекеменің айналасын, жаяу жүргіншілер жолдарын тазалап, күл-қоқысын шығарып жан-жақты тазарту жұмыстарын жасады.

«Тазалық – денсаулық кепілі» деп халқымыз бекер айтпаған. Тазалық жоқ жерде құт-береке де болмайды. Әр саналы азамат өзі тұратын қаланың, елді мекеннің таза, көрікті болуы үшін үлес қосуы керек. «Ауылына қарап, азаматын таны» деп бекер айтылмаса керек. Бұрынғыдай емес, соңғы жылдары қаламызда көгалдандыру жұмыстарына аса көңіл бөлініп, ағаштар отырғызылып, гүлдер егілуде. Жыл сайын өткізілетін тазалық айлығының берері көп. Туған қаламыздың таза, әдемі болуы әрбір ақтаулық, оның ішінде жастар үшін маңызы зор. Жастарды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде де осындай шаралардың алар орыны бөлек.

Әрбір адам өзі тұрып жатқан мекеніне деген жауапкершілігін сезініп, жанашырлық танытып, айналасын тазалап, сенбіліктерге белсене қатысса, әрбір аула, көше таза да көрікті болары сөзсіз. Жалпы, өмір сүріп отырған ортамыздың, қаламыздың таза, әдемі болғанына не жетсін?! Оны жасау, оған үлес қосу – әрбір азаматтың міндеті.

**Алдабергенова А.**
**«Oil Services Company» ЖШС маманы**



# 10 ЛЕТ ВМЕСТЕ!

## *Уважаемые читатели, дорогие друзья!*

**Как быстро летит время! 1 мая 2019 года корпоративной газете АО «Мангистаумунайгаз» - «Мұнайлы Өлке» - исполнилось 10 лет.**

**Ровно 10 лет назад, в мае 2009 года, под чутким руководством первого редактора Айтуара Утегенова увидел свет первый номер газеты «Мұнайлы Өлке». Идейным вдохновителем создания газеты был Узакбай Карабалин, который тогда руководил акционерным обществом «Мангистаумунайгаз». Новостные интернет-сайты и социальные сети в то время только-только набирали популярность, и были доступны далеко не каждому, поэтому многотысячный коллектив Общества нуждался в печатном издании. Так родилась газета «Мұнайлы Өлке», которая стала основным источником информации для нефтяников.**




По меркам истории 10 лет – это совсем еще юный возраст, но за это время газета прочно вошла в жизнь нефтяников.

«Мұнайлы Өлке» - стала своеобразным летописцем истории «Мангистаумунайгаз»: на ее страницах публикуются уникальные исторические и архивные материалы об этапах рождения, становления и развития компании, и самое главное о людях труда, ветеранах и первооткрывателях, которые ковали трудовую славу предприятия.

И сегодня, ежемесячно, редакция газеты «Мұнайлы Өлке» продолжает рассказывать читателям об основных событиях в жизни предприятия, о людях, которые множат славу родного края, о важных вехах и историческом пути нашего региона. В газете находят свое отражение актуальные темы производства, внедрения новых технологий, техники безопасности и охраны труда, образования, культуры, медицины. Широко и разносторонне освещаются материалы на темы молодежной политики, благотворительности, экологии, спорта, социальный блок вопросов.

Газета стала школой мастерства для многих сотрудников компании. В свое время на страницах газеты публиковали свои материалы: Айтуар Утегенов, Акбала Алекешова, Бибигуль Абдикалыкова, Тойган Таскинбаева, Газиз Сермагамбетов и др.

Сегодня коллектив газеты «Мұнайлы Өлке» - это сплоченная команда во главе с начальником отдела по связям с общественностью Майрой Гумаровой, редактором Есназаром Султановым, корреспондентами Лаурой Жолдыбаевой, Гани Абдисадык, Жаннат Кемал, Арайлым Акшаевой, Рыскуль Анетовой, дизайнером Ерболом Айтбаевым, внештатными корреспондентами Рахатом Косбармак и Сатыбалды Нурлыбекулы.

Большую благодарность в этот день хочется выразить представителям наших сервисных компаний, которые ежемесячно присылают материалы о трудовой деятельности своих предприятий: Айман Есбосынова (ТОО «ОСС»), Аккумис Алдабергенова (ТОО «OSC»), Сауле Жумабекова (ТОО «ОТК»), Жанат Рысбекова (ТОО «Мунайтелеком»), Шолпан Каланова (ТОО «МЭМ»).

В заключение хочется отметить, что кто бы ни стоял во главе газеты, всегда и во все времена центральным героем наших публикаций был и остается – Человек труда – оператор, слесарь, бухгалтер, сварщик, лаборант, водитель, токарь, механик и т.д. Представители всех этих и других профессий и являются главными творцами истории предприятия.

Ну а для нас же главная награда — это любовь читателей, их доверие и постоянный интерес к газете.

Спасибо, что Вы с нами все эти десять лет! До новых встреч!

**С уважением,**
**редакция газеты «Мұнайлы Өлке»**